

Ж.Е. Мырзабеков¹ , Г.Ж. Нұрышева¹ ,
Ж.А. Амиркулова¹ , М.А. Домбайчи² 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: jambui_78@mail.ru

²Гази университеті, Түркия, Анкара қ.

М.Х. ДУЛАТИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАРИХ ФИЛОСОФИЯСЫН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бұл мақалада ұлттық дамудың негізі ретінде ұлттық код пен ұлттық сәйкестікті жаңғырту мақсатында философияның ұлттық тарихын зерттеудің маңыздылығы қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда орта ғасырдың ұлы ойшылы М.Х. Дулати шығармашылығының тұжырымдамалық негіздері талданады. Ұлттық тарихтың кез келген кезеңіндегі терең білім, сонымен қатар оған лайықты және шынайы баға беру халық үшін жарқын болашақты уәде етеді, соған байланысты М.Х. Дулатидің философиялық көзқарастарының тарихи-философиялық маңыздылығын жан-жақты зерттеудің қажеттілігі маңызды. Бүгінгі жұмыстың негізгі тұжырымы түркі өркениеті үшін өзіндік мәдениеттің алдыңғы талпыныстарын жан-жақты зерттеу қажеттілігі мен Шығыстың мәдени және тарихи құндылықтары жүйесінің тұжырымдамалық негіздерін анықтау қажеттілігі болып табылады. Сонымен қатар, жаһандану дәуіріндегі қазақстандық қоғамның өзекті мәселелері және түркі өркениеті ұлттық мәдениетті дамытуда өте қажетті құрылым болып табылатын факторларды жақындастырады. Авторлар, атап айтқанда, М.Х. Дулатидің философиялық мұрасын терең талдауға, ұлттық философияда дулатацияны дамытуға сәйкес мәдени және тарихи құндылықтарды зерттеудің жолдарын айқындады.

Концептуалдық негіз ретінде бүгінгі дамуымызда сүбелі үлеске ие тарихи оқиғалар, тарихи тұлғалар, өткеннің салауатын дәріптеу алынуы тиіс деп ойлаймын.

Түйін сөздер: ұлттық тарих, концептуалдық негіз, Дулати, философия, құндылық, өркениет.

Zh.E. Myrzabekov¹, G.Zh. Nurysheva¹,
Zh.A. Amirkulova¹, M.A. Dombayci²

¹Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almay, e-mail: jambui_78@mail.ru

²University Gazi, Turkey, Ankara

Conceptual foundations of the study of the philosophy of national history in the work of M.Kh. Dulati

This article discusses the importance of the study of the national history of philosophy in order to revive the national code and national identity, as fundamental in the development of the people. From the same point of view, the conceptual foundations of the work of the great thinker of the Middle Ages M.Kh.Dulati are analyzed. Deep knowledge in any period of national history, as well as a worthy and truthful assessment of this, promises a bright future for the people, in connection with which the need for comprehensive studies of the historical and philosophical significance of the philosophical views of M.Kh.Dulati is important. The main conclusion of the work today is the relevance for Turkic civilization of the need for a comprehensive study of the previous endeavors of an original culture and the definition of the conceptual foundations of the system of cultural and historical values of the East. Along with this, trends on current issues of Kazakhstani society in the era of globalization and bringing factors in favor of the fact that Turkic civilization is a very necessary structure in the development of national culture are considered. The authors, in particular, have identified ways to study cultural and historical values in line with an in-depth analysis of the philosophical heritage of M.Kh.Dulati, the development of dulatation in national philosophy.

According to the author, the conceptual basis should be the promotion of historical events, historical figures, the health of the past, which make a significant contribution to our development today.

Key words: national history, conceptual foundations, Dulati, philosophy, value, civilization.

Д.Е. Мырзабеков¹, Г.Ж. Нурышева¹,
Ж.А. Амиркулова¹, М.А. Домбайчи²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: jambui_78@mail.ru

²Университет Гази, Турция, г. Анкара

Концептуальные основы исследования философии национальной истории в творчестве М.Х. Дулати

В данной статье рассматривается значение исследования национальной истории философии в возрождении национального кода и национального самосознания, как основополагающих факторов в развитии народа. С этой же точки зрения проанализированы концептуальные основы творчества великого мыслителя средневековья М.Х. Дулати. Глубокие познания в любом периоде национальной истории, а также достойная и правдивая тому оценка сулят народу светлое будущее, в связи с чем важны всесторонние исследования историко-философского значения философских взглядов М.Х. Дулати. Основным выводом работы на сегодня является актуальность для тюркской цивилизации констатации необходимости всестороннего исследования прежних начинаний самобытной культуры и определение концептуальных основ системы культурно-исторических ценностей Востока. Наряду с этим, рассмотрены тенденции по актуальным вопросам казахстанского общества в эпоху глобализации и приведения факторов в пользу того, что тюркская цивилизация – весьма необходимая структура в развитии национальной культуры. Авторами, в том числе, выявлены пути изучения культурно-исторических ценностей в русле глубокого анализа философского наследия М.Х. Дулати, развития дулативедения в национальной философии.

По мнению автора, концептуальной основой должно быть содействие историческим событиям, историческим личностям, здоровью прошлого, которые и вносят значительный вклад в наше развитие сегодня.

Ключевые слова: национальная история, концептуальные основы, М.Х. Дулати, философия, ценность, цивилизация.

Кіріспе

Тарих философиясын зерделеуде үш түсінік бар. Алғашқы таным бойынша, тарих та, философия да жалпылық ғылым болғандықтан, ғылыми танымды жалпы сипаттау, тарихи өмірді белгілі бір құрылымға шоғырландыра отырып, шолу болып табылады. Екінші сипаты бойынша, тарих философиясының міндеті шынайылықты жалпы тану болса, онда бұл, әрине, жекелеген ғылымдардың таныған бүкіл материалын, барлық бай мазмұнын өзіне қабылдап алуы керек дегенді білдірмейді. Керісінше болуы тиіс: оның жалпылығы қашанда арнайы білімнің мазмұны оның барысында азды-көпті жоғалады деген мағынадағы түйіндеумен байланысты болуы керек, сондықтан, ақырында, бұл түйіндеу одан ары зерттеудің пәні болып тек жалпы «ұстындар» ғана қалғандағы деңгейге жетеді. Осының нәтижесінде біз тарих философиясының тағы бір ұғымына ие боламыз. Ал, тарих дегенде өтіп кеткен шынайылықтың өзін емес, осы өткен шынайылықтың бейнесін немесе тарихи ғылымды ұғына отырып, біз, ақырында тарих философиясының үшінші түсінігіне ие боламыз.

Әрбір ұлттың бағдаршамы, өткені мен тағдырын дәріптейтін тарих – күрделі философиялық

категория. Әрбір қоғамның, ондағы жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың жадысы ретіндегі тарихты философиялық негізде зерделеу – қай уақытта болмасын өте маңызды. Рухани прогресс ретіндегі тарихты зерттеп-зерделеудің концептуалды негіздеріне табиғат пен адамды тығыз қарым-қатынаста қарастыру жатады.

Негізгі бөлім

Саналы адам әрекетінің нәтижесі болып саналатын тарих пен қоғам – өте тығыз байланысты болғандықтан, философиялық зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Қоғамдық өмір мен тарихты талдап, түсіндіру үшін ақыл-ой мен біліктілік қажет. Тарихтың екі факторы болады: объективті және субъективті. Қоғамдық дамудың екі түрлі шарты ретінде бұл факторлар бір-бірімен тығыз байланысты және тарихи дамудың негізгі заңдылықтарын айқындайды. Демек, ұлттық тарих дегеніміз халықтың өткен шағы туралы әмбебап ілім, қоғамдық сананың ұлттық түрі, ол табиғат-адам-қоғам арасындағы өзара заңдылықтардан, әрекеттерден туындайды. Оны зерттеп, философиялық маңызын саралаудың ұлттық дамудағы орны ерекше. Бұл тұрғыда, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің

«Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында «Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – жай ғана әдемі афоризм емес» (Назарбаев 2018), – дей келіп, ұлттық тарихымызда ақтандақ кезеңдердің аз болмағандығын, халқымыздың басынан небір зұлмат замандар өткендігін, оны ұмытуға ешбіріміздің де халқымыздың жоқ екендігін, көпқырлы, терең тарихты жаңаша байыптап, әрбір тарихи оқиғаны объективті сипаттаудың маңыздылығын атап өткен болатын.

Ендеше, ұлттық тарихымыздың философиялық негіздері мен алғышарттарын қарастырғанда, рухани қажеттілік пен мәдени тұтастықты негіз етіп алу қажет деп есептеймін. Өйткені, тарих пен адам – бір-бірінен бөлінбейтін категориялар. Тарихтың субъективті қозғаушы күші адам болса, оның дамып-жетілуі, дүниені тануы, шығармашылық тұрғыда көрсете алуы белгілі бір тарихи дәуірде, оқиға барысында жүзеге асырылады. Ал, адам болса, басқа адамдарсыз ешқандай мән-мағынасыз тіршілік иесі. Қарым-қатынасқа түсу арқылы ғана адам тарихи даму формациясын алға жылжытып, қоғамды біртұтас ерекше құбылысқа айналдырады. Материя қозғалысының жоғары деңгейі ретіндегі қоғамды қалыптастыратын да – адамдардың еңбек әрекеттері. Демек, тарих философиясын зерттеуді қарастырғанда, адамды бір жағынан тарихтың алғышарты, екінші жағынан сол тарихи іс-әрекетті жүзеге асырушы, әрі нәтижесі ретінде қарастыру қажет деген көзқарасты басшылыққа алған жөн деп санаймыз (Мұсаева 2006: 140). Шындығында, табиғатта өз сипатын сақтай отырып, оны жаңарту мен жаңғырту – адам еңбегінің жемісі. Ұрпақ жалғастығын жүзеге асыра отырып, даму қажеттіліктеріне сай мақсатты секірістерді де жасайтын – адам.

Адам, қоғам, тарих философиясын жан-жақты зерттеген С.Э. Крапивенскийдің пікірінше, адамды белсенді іс-әрекетке итермелейтін негізгі қажеттіліктерге материалдық және рухани қажеттіліктер, қоғамдық және жеке адам қажеттіліктері, түпкі стратегиялық, ұзақ уақытқа бағытталған, сонымен қатар, кезеңдік сәттік қажеттіліктер және адам мен қоғамның дамуынан тікелей туындамайтын, бірақ оған қажет кейбір қызығу объектілері жатады екен.

Ендеше, бір-бірінен бөліп алуға келмейтін, қозғаушы күші адам болып табылатын қоғам мен тарих ұғымдарының ортақ белгілері:

– қоғам мен тарихтағы жүйелер мен оның элементтері біртұтастық сипатта болады;

– олар өзара бірлікпен ішкі даму мен өмір сүру заңдылықтарына өзіндік ықпал етеді;

– қоғам мен тарихтағы әрбір құрылым мен жүйе өзгерімпаздық сипатта болады;

– қоғамдық-тарихи даму белгілі бір заңдылыққа бағынады.

Тарих философиясы дегеніміздің өзі тарихи үдерістің мән-мағынасын, оның заңдылықтары мен қозғаушы күшін, тарихи құбылыстарды тану құрылымы туралы философиялық ілім екен. Ал, тарихты адам шығармашылығы ретінде қарастыру туралы бағытты ұстанушылар да болды. Тарих философиясы терминін тұңғыш рет Вольтер қолданған болатын. Көптеген философиялық-тарихи концепцияларда тарихи дамудың субъектісі болып адам ұғымынан бөлім алуға келмейтін «өркеннет», «тарихи-мәдени типтер» де қарастырылды (Хвостов 2009: 109

Бұдан кейінгі ғалымдар да, осы терминнің мағынасын айқындау барысында тарихшының оқиғаны тек баяндап қана қоймай, хронологиялық жүйелілігін сақтап, ұғындыруы, ал философтардың тарихи үдерісті философиялық тұрғыда талдап, оның болмысын көрсетуі тиістігіне тоқталады (Gobozov, 1999).

Философияны зерттеуде философиялық ойдың тарихына сілтеме жасамай, тұжырымдар жасау еш мүмкін емес, өйткені философия тарихы арқылы өткен күннің рухани мазмұны бізге келіп жетті. Кейінгі кездегі көрнекі теориялар мен тұтас ілімдерге негіз болған және қазіргі кезде практикалық расталған ой-пікірлер білдірген ойшылдар да тарих философиясының маңыздылығына ерекше тоқталады (Avleyev, 2005).

Философия тарихы философияның қалыптасуы мен дамуының заңдылықтарын, оның анықтайтын шарттары мен факторларын қастерлейді. Сонымен, өткен мұраларға жүгіну философияның өткен жолын бағалауға және оның болашақтағы даму тенденцияларын ұсынуға көмектеседі. Тарих философиясын зерделеуде тарихи дамудың бағыты мен заңдылықтары, ондағы адамның орны мен рөлі, тарихи үдерістегі еркіндік пен әділдіктің дамыту алғышарттары да концептуалдық негіз болып табылады екен (Walsh 2009: 48). Ал, жекелеген шығармашылық арқылы тарих философиясын түйіндеуде бұл тұғырдың субъективті және объективті негіздері таратылады.

Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық тарих философиясын зерттеуде түркі халықтарына ортақ тұлға М.Х. Дулати шығармашылығы түркілік ортақ құндылықтарымен тығыз байланысып, ру-

хани дәстүрлері мен ойлау сипаттарына, оның ішінде батырлық, ерлік турасындағы, сұлулыққа күштарлыққа нәрге толы болып келеді. М.Х. Дулатидің философиялық дүниетанымы желісінде түркі өркениетінің мәдени-тарихи құндылықтарын талдап-таразылау, рухани маңызын ашу арқылы ұлттық тарих философиясын зерттеудің концептуалдық негіздері айқындалады.

М.Х. Дулатидің дүниетанымдық ойларын тарихи-салыстырмалы талдау, философиялық, тарихи-педагогикалық әдебиеттер мен ғұлама шығармашылығына қатысты пікірлерді жүйелеп, қорыту зерттеу мақаланың негізгі әдістері болып табылады.

Жасынан тағдыры қатал болған М.Х. Дулати хандардың ел билеу ісіне араласып, мемлекет дамуына зор ықпалын тигізген кеңесші, әскербасы болған. Осындай ерекше қадірі мен абыройы үшін ойшылды хандар да, мемлекет басшылары да зор құрметтеп, «төре» атаған. Тек ел билеу ісімен ғана шұғылданбай, М.Х. Дулати өз кезегінде өзі сапарда болған елдерінің рухани-әлеуметтік, мәдени тұрмысымен де жете танысып, бүгінгіміз үшін аса маңызды өркениет туралы мағлұматтар қалдырып кетті.

«Тарихи Рашиди» атты еңбегінде тарихи оқиғалар тізбегін баяндау арқылы ел бірлігі мен мемлекет тыныштығын сақтаудың аса қажеттігін, зұлымдықтың зұлматын, одан арылмайынша, адам болашағының баянды болмайтындығын айтып, қынжылады. Аталған еңбекпен таныса отырып, ойшылдық көзқарастарының аса тереңдігін бағамдаймыз. «Дүние сірескен нәрсенің үстемдігі емес, оның мәңгі тұрақтылығы маңызды» деген ұстанымда болған М.Х. Дулати әрбір мемлекеттің дамуы оның басшысының іскерлік, тұлғалық қасиеттерімен тығыз байланысты екендігін айтады. Бұл тұжырымының айқындығы әрбір кезең мен жылдар шежіресін басынан кешірген еліміздің дамуында әбден дәлелденіп келеді.

Бұл тұрғыда, М.Х. Дулатидің қалыптасқан шындықты көрсетуге көмектесетін тұжырымдамаларды шеберлікпен ұштастырғандығын көре аламыз. Адамның тұжырымдамаларды генерациялау мен таратуға табиғи қабілеті алғаш рет Р. Докинзбен (Dawkins 1989: 58) тұжырымдалған, оның дамуында шешуші рөл атқарады. М. Дулати да ұлттық тарихты баяндағанда, жеке және ұжымдық қызығушылықтарды үйлестіре отырып, прагматикалық мазмұн береді.

«Тарихты тұтастай ұғыну бізді тарихтың шегінен асырады. Бұл тұтастықты сезінудің өзі,

тарихтан жоғары шарықтап, тарихты бір тұтасқа айналдыратын бірлік арқылы, сол бірлікке жетуге мүмкіндік береді. Бірақ тарихтың тұтастығына ұмтылатын тарихтан асқақтаушылық өздігінен тарих шегіндегі міндет болып қала береді. Біз бірлік туралы білмей өмір сүреміз, алайда біз осы бірліктен өсіп-өнетінімізден, біздің тарихтағы тіршілігіміз тарих беткейіне айналды (Тулеуова 2014), – деген пікірге сүйене отырып, тарих философиясының концептуалдық негіздерін айқындауда «Целостная концепция философии истории, которую мы пытаемся дать, направлена на то, чтобы осветить нашу собственную ситуацию в рамках мировой истории. Задача исторической концепции – способствовать осознанию современной эпохи. Она показывает нам наше место в ней. Лишь в масштабе мировой истории становится понятным, какие глубокие изменения, подготовленные в течение двух последних веков, произошли в наше время» (Ясперс, 1991, 84) тұжырымдамасы басты назарға алынуы тиіс.

А. Кенни өзінің «Қазіргі философияның дамуы» атты еңбегінде «Meslegim geregi bir tarihci degil bir filozofum ancak felsefe tarihini felsefenin kendisi için büyük önemi olduğuna inanıyorum», яғни, «Менің мамандығым тарихшы емес, мен философпын, бірақ философияда тарихты философиялық зерттеу маңызды деп санаймын» (Kenny, 2018: 12). Осыған орай, М. Дулати тарихты баяндағанда оны философиялық ұлттық тарихты зерделеудің концептуалдық негіздері саналатын тұлғалық, жүйелілік, ақпараттық-инновациялық, аксиологиялық, креативтілікті қатар ұстанған. Тұлғалық тұғыр бойынша – М.Х. Дулати – түркі тілдес халықтардың барлығына ортақ ойшыл, ұлы тарихшы. Жүйелілік ұстанымына М. Дулатидің «Тарихи Рашиди», «Жаһаннаме» шығармаларында ұлттық тарихты философиялық мазмұндауын айта аламыз.

М.Х. Дулатидің тарихи шежіреге саналатын аталған еңбегінен басқа, көркемдік ойлау деңгейін көрсететін, көркем сөз шебері ретіндегі қолтаңбасын танытқан «Жаһаннаме» поэмасы бар. Бұл көркем туындыға тарихи оқиғалар желісіндегі жалпы адам тағдыры, олардың өзара қарым-қатынастарынан туындайтын мәселелер арқау болған. Демек, ойшыл өз шығармашылығы арқылы тек тарихи даму жайын ғана сипаттамай, өзі өмір сүрген кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік ахуалға, адамдардың дүниетанымдық деңгейіне, жалпы тұлғалық даму өресіне баға береді. Осы себепті де, М.Х. Дулати шығармаларында мазмұндалған мәселелер мен тұжырымдалған көзқа-

растар қазіргі қоғамымыз үшін де өте өзекті болып, ортақ үндесіп жатыр.

Кез келген мәдениет пен философия тірі ағза секілді үнемі өзгерістерге ұшырап, толығып отырады, дегенмен, өзіндік болмысын сақтайды. Көшпенді халқымыз материалдық құндылықтарға емес, рухани өмір мен адамгершілік құндылықтар маңызды болған. Осыған байланысты көне түркі дүниесінің белгілі өкілдерін түрліше атаймыз. Кейбіреулерін тарихшы, біреуін тілші, әдебиетші, сөз зергері, т.б. тек философ деп қана атамаймыз. Өйткені, біз ол тұлғалардың философияға тікелей қатысы бар екендігін жете түсіне бермейміз. Мәселен, «Қорқыт-ата» кітабын алайық. Кітапта тек тарихи оқиғалар ғана баяндалып қоймайды, терең пәлсапалық ойлар мазмұндалады. Бүгінгі таңда, осындай тұлғалар шығармашылығы мен еңбектерін философия тұрғысынан зерттеу өзектілігі артып келеді (Ахметова, 2017).

М. Дулати өзінің «Тарихи Рашиди» атты еңбегінде өзі өмір сүрген кезеңдегі тарихты, хандар шежіресін, соғыс тактикасын, ең бастысы түркі өркениетінің ахуалын суреттейді. Қазақстан – көпұлтты ел ғана емес, Европа мен Азияның ортақ ендігінде орналасқандықтан түрлі мәдениет пен өркениеттің жалғастырушы «діні» болып саналады. Отырықшылық пен көшпенді мәдениеттің дара байланыс аймағы болған Отырар қаласының өзі де қала мәдениетінің бастауы болғандығы анық. Бұған қоса, М.Х. Дулати шығармашылығында айқын көрінетін түркі және иран тілді халықтар мәдениетінің ықпалы, басқа да өркениеттердің әсері ұлттық философиядағы әрбір категорияны жан-жақты қырынан зерделеуді қажет етуде. Айталық, Дешті Қыпшақ құрылғаннан кейін ислам өркениеті өз үстемдігін алды. Алғашқыда тәңіршілдік ұғымдарымен ұштасқан ислам кейін өз хандығын құрғаннан кейін де ұлттық ойлау дәрежеміздің негізгі сипаты болды. Бүгінгі таңда көшпенділіктің әлемдік өркениеттегі маңызы да көптеген әлемдік философтардың зерттеулерінде талданды.

Шындығында, бір өркениет екіншіге әсер ету үшін алдымен өзінің жаңаша даму сипаты болуы тиіс. Бұл туралы көрнекті түркітанушы С. Максуду жан-жақты зерттеулер жүргізе келіп, кереғар пікірлерге қатысты «Түркілердің қоғамдық өмірдегі белсенділігі мен мемлекет құрудағы жасамапоздығы түркі өркениетінің негізгі жетістігі болып табылады» (Максуду, 2002: 10) деген тұжырым жасады.

Қазіргі уақытта түркі өркениеті жан-жақты зерттеліп, көптеген әлемдік өркениеттерге

негізгі бағыт-бағдар болғандығы дәйектелуде. Кең-байтақ сахарада өмір сүрген түркілер өмір мен табиғаттың өздеріне беймәлім құпиясын қалыптастыруда ұлы өркениет көшін қалыптастырды. Оның ішінде, біздің ата-бабаларымыздың да үлесі зор болған. Бұл тұрасында жоғарыда айтып кеткен «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалада Елбасы Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті.

Біріншіден, қосқан үлестері кейінірек сөз болатын протомемлекеттік бірлестіктердің дені қазіргі Қазақстан аумағында құрылып, қазақ ұлты этногенезінің негізгі элементтерін құрап отыр.

Екіншіден, біз айтқалы отырған зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең-байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнге мен Теріскейге таралды.

Үшіншіден, кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды. Бұл жәдігерлер Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді» (Назарбаев, 2018), – дей отырып, түркілік өркениеттің өзіндік қырларын санамайды.

Бүгінде төл тарихымызға оң көзқарас керек. Бірақ қандай да бір тарихи оқиғаны таңдамалы және конъюнктуралық тұрғыдан ғана сипаттаумен шектелуге болмайды. Ақ пен қара – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Бұлар өзара бірлескенде жеке адамдардың да, тұтас халықтардың да өміріне қайталанбас реңк береді. Біздің тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек.

«Көшпелінің қозғалысы уақытпен үндес. Ал, философияда уақыт дегеніміз – қозғалыс. Бұл қозғалыс – кеңістік ішінде ритммен жүйелі қайталанып отыратын қозғалыс. Кеңістіктегі қозғалыс – уақытты мәдени-тарихи мазмұнмен толықтыратын, дала өркениетінің бастауы. Дала өркениетінде көшпелі кеңістікті кезді, кеңістікке енді, кеңістікте өсіп өнді. Дала өркениетінде төзімділік пен рух, мал мен егін шаруашылығы бірін-бірі толықтырды, өздерінің тиімді

деңгейін қалыптастырды. Содан көшпелілік дала табиғатының әрқалай ауа райлық ортасына лайықты жинақы да орнықты арнасын таба түсті. Көшпелінің санасы, тарихи жады үнемі қозғалыста, үнемі жаңғыру үстінде болды. Себебі, ол уақыт пен кеңістік ішінде қозғалыс арқылы ата қоныс жайлауларын аралаумен болды, бір-бірімен тіл табысып жатты. Топтаса бірлесіп өмір сүрудің тәсілдері мен жолдарын жетілдірді. Дүниеге, адамға деген осындай кең көзқарас, тартымды түсінік, төзімді мінез-құлық – халықтың туыстық сезімталдығын ұштады, оның дәстүрлі мәдениетінің түп-тамырын құрастырды» (Қасымжанов 1998: 15), – деп нақты, әрі ғылыми тура тұжырымдайды А. Қасымжанов. Ал, философ-ғалым С. Ақатай: «Көшпелілердің рухани өмірі мен дүниетанымы кездейсоқ ұғымдардың тізгін бермес жүйесіз сапырылысқан жиынтығы емес, керісінше ғылым тілінде көшпелілік деп орныққан біртұтас қондырғылық идеялық үрдіс ретіндегі мәдени құбылыс» (Ақатай, 1998: 280), – деп түйіндейді. Шындап келгенде, түркілердің көшпелі сипат иеленген даму жолы жасампаз өркениетті қалыптастырды. Осы орайда А. Сейдімбектің «Көшпелілер мәдениетінде толып жатқан «измдердің» кездеспейтіндігін, идеал тұрақтығын, соның арқасында мыңдаған жылдар бойы сыртқа еліктеуден гөрі іштей шыңдалудың басым болғандығын, сөйтіп жалпыадамзаттық мәдениетте өзіндік дара бітімімен көзге түсетінін әлгіндей қасиеттерден іздеу керек» (Сейдімбек, 1989: 64), – деген пікірін басшылыққа аламыз. Бұны кейінгі зерттеулер де толыққанды талдап, көрсетуде. Бұл тұрғыда, Э. Добльхофердің «Мы и сейчас не можем равнодушно относиться к языку древнетюркских памятников... Выросший в постоянном общении с древними культурными народами этот народ в VI веке стоит на поразительно высокой ступени развития» (Добльхофер, 1963, 332), – деген пікірді сонау 60-жылдардың өзінде-ақ айтып, мойындағанын айтсақ жеткілікті.

Кез келген ұлттық құндылықтарымызды саралап, тарихи дамуымызды бағамдауда шежіре атауына жүгінудің берері мол. Халықтық шежіремізге баланған еңбектер қатарында М.Х. Дулатидің бөлесі, атақты Бабырдың «Батырнамесі», Ұлықбектің «Сұлтандар шежіресі», Мұхаммед Салихтің «Шайбани намесі», М.Х. Дулатидің «Тарихи Рашиди» көш бастап келеді. Бұл еңбектердің әрқайсысында халықтық дамуы көркем тілмен, тарихи-ғылыми нақтылықпен баяндалады. Осылардың ішінде авторы қазақ, түркі

жұртының тұңғыш тарихшысы М.Х. Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегінде Моғолстан, Орта Азияның көптеген мемлекеттерінің тарихы баяндалады, қоғамдық-саяси ахуалы зерделеніп, әлеуметтік бағдардарына баға беріледі. Тарихты баяндай отырып, сол арқылы жалпы философиялық ойлар түйінделгендіктен ойшылдың әрбір тұжырымдарын тарихтан бөле-жара қарай алмаймыз. Сондықтан да, Дулати шығармашылығындағы түркі өркениеті мәселелерін қарастырғанда философ ғалым А. Қасабектің «Ол тарих философиясының негізін қалады» (Қасабек, 2002: 174), – деген пікірін ескеріп, талдауда басшылыққа аламыз.

Ең бастысы, «Тарихи Рашиди» еңбегінде ойшылдың тұлғалық болмысы, діни сенімі, ислам мәдениетін дамытудағы ұстанымдары, жалпы адамгершілік болмысы мен парасат-пайымы көрініс табады. Сонымен қатар, М.Х. Дулатидің «Жаһаннаме» атты поэмасы – тарихи шығарма. Поэма мазмұнында баяндалатын тарихи оқиғалар легі, баяндалу мәнері, әсіресе, араб, парсы сөздері мен сөз тіркестері жиі ұшырасатын тілдік ерекшелігі «Тарихи Рашиди» еңбегімен үндесіп жатады. Мұны дулатитанушы Ә. Дербісәлиев те қуаттап, былай дейді: «Поэма беташарындағы автордың бірінші жақтан баяндаған өмірбаяны» Мырза Хайдардың «екінші дәптерде жазған өмірбаянымен тікелей үндесуі, рет-ретімен оны қайталауы һәм ақынның (Мырза Хайдардың) 33-бәйітте: «...Менің басымнан өткен ісі жайлы айтайын, – деуі ойға тамызық тастайды» (Дербісәлі, 2003: 20).

М.Х. Дулатидің «Жаһаннаме» поэмасының әдеби ескерткіш ретінде зерделенген ғалым, профессор Қ. Әбдәзұлы да поэманы: «Әлем әдебиетіндегі, әсіресе шығыс әдебиетіндегі мәңгілік махаббат тақырыбы ұлы ақынның көркемдік қабылдауында өз эстетикалық биігімен, өзіндік дүниетанымдық ерекшелігімен көрінеді. Сюжеттік құрылым: дастанның құлақкүйі, басталуы, шарықтау шегі, көркемдік шешімі, барлығы өзара жарасым тауып, іштей тұтасып, көп қырлы рухани дүниенің болмыс-бітімін даралап, жарқырата көрсетеді. Осы тұста ақындық қолтаңба анық аңғарылады. Поэтикалық арнада ақынның, яғни автордың философиялық ой-толғамдары, көркемдік-эстетикалық қабылдаулары, метафоралық дүниетанымы, барлығы біртұтас, кесек, тартымды көркемдік аяда жинақталады. Бұл поэманың философиялық астарының да көп қатпарлы болуы, оқырманға ой салу сыры да осында жатыр. Тіршілік құпиясы пенде болмысымен тұтас, бірлікте танылады. Себебі,

Алланың құдіреті, Пайғамбарлар өмірі де адамдар тағдырымен сабақтас сөз болады. Ақын дүниетанымы, пәлсапалық ұстанымы дастанның идеялық өзегін анықтап, рухани арқауын ұстап тұр десек, қателеспейміз» (Әбдезұлы, 2017: 108), – деп аса жоғары бағалайды. Сюжеттік желісіне үнді дастандарының бірі негіз болған бұл поэма түркілік дүниетаным биігінен ой толғайтын, даналық сөз айтатын классикалық, поэтикалық шығарма ретінде асыл қазынамызға айналды. Поэманың негізгі тақырыбы – тарихи болғанымен, идеялық-философиялық мазмұны бір Жаратушыны дәріптеу, парасатты тағылым беріп, имандылыққа үндеу болып табылады. Поэманың алғашқы 114-бәйіті – кіріспе іспетті. Негізгі оқиға желісі 115-бәйіттен басталады. Кіріспеде М.Х. Дулати поэманың жазылу себебін жиырма жылдан кейін «Қала-и Зафар» қаласына қайта оралғандағы қаланың жағдайының негізгі арқау болғандығын былай баяндайды:

95. Бірінің де ізін көрмедім сол кезде,
Қараңғы тартты көзіме жаһан.
96. Құлазып көңілім, ойым тым зарлы,
Қатты жыладым егіліп ұзақ.
97. Ұмыт болған, өшкен айырылысу оттары,
Тұтасты бойыма соның бәрі...
102. Жұмылмай көзім ұйқыға таңға дейін,
Жатып едім сол кез қасымда сияқты
(Дербісәлі, 2003: 210).

М.Х. Дулати бұл қалада өткізген күндерін қайғыра да, мұндана отырып есіне алып, жазады. Өйткені, мұнда ол жастық шағын өткізген, достары мен ата-анасын сағына еске алады. Өмір талқысына ерте түскен М. Дулати талай тауқыметті көргенін қамыға айтады. Жүрек түкпіріндегі қайғы-мұңын жырға қосады. Қайғы-қасіретінен арылу үшін осы поэмасын жазуға кіріскендігі сезіледі. Поэмада ойшыл өмірлік оқиғаларын еске ала баяндап, шығармада тарихымыз кейінгілерге жетсе екен, әрбір ұрпақ өз тегін білсе екен деген мақсат ұстанған. Поэманың негізгі кейіпкерлер – хандар, шахтар, бектер, т.б. әмірлер, жасаған іс-әрекеттері, барлығы өмірден алынған кейіпкерлер. Олар қарапайым халыққа – қайырымды. Шығарма қоғамда әділеттіліктің орнауы – ел басқарушыға тікелей байланысты, өзгеге қиянат жасамаған басшы басқарса, халық жақсы өмір сүріп, береке-ынтымақ орнайды деген пәлсапалық ойды тереңдете түседі. Бұл поэманың 1056-1057-бәйіттерінде басшының қайырымдылығы мен қанағатшылдығынан халық байыды, басқалардың байлығына пысқы-

рып та қарамады. Оның істеріне халық еш шүбә келтірмеді, ешкім де одан қиянат шекпеді», – деген жолдармен берілген.

«Тарих-и Рашиди» еңбегі секілді аталмыш поэманың алғашқы 14 бәйіті бір Жаратушыны жырлауға арналады.

Мадақ – жаһанды жаратушыға бұрын,
Ешкімнің одан емес ісі жасырын
Қандай адамның қиялы жетер,
Ұлыстың қайсысы құпия етер?
Бәрі оның алдында бірдей болар,
Ашық болса да, түнек мекен болар.
Әлем жұрттыңда не болса да,
Оның құдіреті онда да көрінеді.
Жаһанда не болса да жанды, жансыз болар,
Ауада ұшар, жерде жүгіріп жүрер.
Оның құдіретімен қанат қағар,
Оның құдіретімен жүгіріп қашар, –
(Дербісәлі 2003: 158)

дей отырып, ақ пен қара алмасып келетін өтпелі дүниенің жалғандығын айтып өтеді. Автордың пікірінше, бәрі де Алланың қолында. Ол – өте кешірімді. Егер шын тәубеге келіп, бар ниетіңмен жалбарынсаң, кешіреді, ал, оның қаһарына ұшырасаң, өмірің азапқа толы болатынын ескертіп, жаман пиғылдан кез келген адам бойын аулақ ұстау керектігін ескертеді.

Мұхаммед Хайдар Дулати поэмасында тереңінде тұнып жатқан тағылымды көзқарастар өзіне дейін де, өзінен кейінгі де, ұлттық танымды жете зерделеуге жол ашатын дәйекті дәнекер, байыпты байлам, тұғырлы тұжырымдар көптеп кездеседі. Олар жеке адамдарға арнау түрінде де, көпшілік оқырмандарға өмір, дүние туралы өзінің көзқарастарын, ұлағатты ұстанымдарын үлгі етіп қалдырып кетті. Адам баласының тіршілігінің тұтқасы ар-ұят екенін айтып, рақымшылдыққа, қанағатшылдыққа үйрену керектігін ескерту арқылы әркімді өз орнын табуға шақырады. М.Х. Дулатидің пікірінше, өтпелі өмірдің байлығына қызықпайтын патша – нағыз патша, бұл фәнидегі байлықтың өзі мәңгі емес деп бірнеше ескерте кетеді.

Аларыңды аларсың керегінді байлықтан,
Ақылдылар әдетте сол байлықтан қаймыққан,
Сену керек дер едім осыны айтқан данаға.
Дәулетімен Карунның кете алмайсың астасып,
Сінбес еді бойыңа жегеніңмен басқасы,
Жисаң егер тонаумен дүниені, мүлікті,
Ол ошағы болады бітпес даудың, бүліктің,
Жиғаныңнан не қалар, о да бір күн жоғалар,
Жылатқаның жылатар, тонағаның тоналар
(Дербісәлі, 2003: 159).

Поэмада көтерген негізгі мәселелер – қиыншылықты мойымай жеңу, бір-біріне мейірімділікпен қарау, өмірде өз орнында табу, жаман әрекеттерден тазарту. Яғни жүректі жаман әрекеттерден тазарту. Яғни, «жүрек жаман әрекеттерден тазарту ғана, Аллаға жақындай түседі» дейді М.Х. Дулати. Жүректегі Алла деп отырғаны, әр адамның ар-ұяты, санасы. Оның пікірінше, имандылық дегеніміз – адам мен адамды жақындастыратын, жақсыға үйір, жаман әрекеттер жасамау.

Поэманың негізгі өзегі қаһармандардың ерлігі, батырлық қимылдары, ел басынан өткен тарихи оқиғалар, сондай-ақ, халықты бірлікке шақыру болып табылады. Және де, бұл шығарманы халықтың тарихи санасы мен көркемдік ой-пікірі дамуының жемісі деуге болады.

Түркіжұртына ортақ ойшыл, ұлттық тарихтың негізін салушы Мұхаммед Хайдар Дулатидің атақты қолбасшы, мемлекет қайраткері, тарихшы, ақын ретіндегі ұлттық руханиятымызды дамытуға зор еңбек сіңіргені зерделенуде. Бұл турасында ортағасырлық еңбектерде де, өткен ғасыр зерттеулерінде айтылып өтеді. Жаһандық маңызы бар «Тузуки Жаһангири» атты кітапта: «Кашмирді Дулати билеген тұста бұл өлкеде көптеген өнер шеберлері күн кешті. Олар музыка саласында шеберлік танытты. Олардың лютнялары (ішекті аспап), цимбалдары, арфалары (ұзынша үшкілденіп жасалған саусақпен тартатын ішекті аспап), флейталары (сырнай) сол тұста көпке танымал еді. Бұрын кашмирліктерде лютняның бір-ақ түрі болатын. Әдетте олар әнді үнді музыкасының үлгілеріне ұқсатып, Кашмир тілінде хормен айтатын. Кашмирліктер қол жеткізген жетістіктері үшін сөз жоқ Мырза Хайдарға көп қарыздар» (Бейсембиев, 1990:33) – делінсе, үнді тарихшысы Р.К. Парму да Үндістанды билеген тұстағы ел басқару жүйесіне көптеген өзгерістер жасағандығын, қала мәдениетін арттыруда дербес қолтаңбасын қалдырғандығын, әсіресе, сәулет, бейнелеу өнерінің тылсым сырларына құштар болып, елдің әскери жағдайымен қатар дамытып отырудағы қырағылығын жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылығымызға негіз болып табылатын тарихи тұлғаларымыздың тағылымдық мұраларының алдыңғы шоғырында М.Х. Дулатидің шығармаларының да аталуы заңды. Түркі тілдес халықтарға ортақ тарихты баяндай отырып, өмірді, адамды сүюден бастау алып, жастарды ұлтжандылыққа, Отанды қорғау, ерлік пен батырлықты дәріптеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуге, адамгершілік асыл қасиеттерді

насихаттауға, сана-сезімді жетілдіріп, ұлттық рухты көтеруге бағытталған.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати – тек түркі дүниесіне ғана емес, Орта Азия әлеміне әйгілі, шығыс мәдениетіне өзіндік үлес қосып, із қалдырған әрі өнер әрі мемлекет қайраткері. Атақты ғұламаның өмірі де өте қиын жағдайда өтіп, көптеген шым-шытырық тарихи оқиғалармен тұспа-тұс келді. Осы тұрғыда белгілі ғалым Ж. Молдабеков былай деп ой түйеді: «Оның өміріндегі жетістіктер мен жаңалықтар кездейсоқ та, өздігінен де келген жоқ. Олар жорықтағы табан-тірес пен бітім-бірлестіктің нәтижесі еді. Замандастары оның батылдығын, тапқырлығын, зейінділігін, байыптылығын және т.б. қасиеттерін қызыға, құрметтеп атаған. Қазіргі ұрпақтары мырза Мұхаммед Хайдар Дулатиді ақын-әдебиетші, тарихшы, ғалым, ойшыл, қоғам және мемлекет қайраткері деп марапаттайды» (Молдабеков, 2000:74).

Туған бабамыздың көрнекті тұлғасы мен қайраткерлік болмысы ғалымдар назарын бірден аударып, бірқатар сүбелі зерттеулердің нысанына айналуға. Осы тұрғыдан алғанда ұлы бабаның «Тарих-и Рашиди» атты шығармасы әрі тарихи әрі энциклопедиялық туынды ретінде бағаланып, мәдени мәні таразылануда. Аталмыш еңбектің туған халқымыздың төл тарихы мен рухани кеңістігіндегі орны да ерекше. Түркі өркениеті болмысына қатысты терең ойлар түйінделіп, сабақтаса тұжырымдалатын шығарма ұлы ойшылдың терең білімі мен таным түсінігін айқын көрсетіп береді. Бұл туындының терең мазмұны кімді болмасын бірден қызықтырып, айтылатын идеялардың тарихи-философиялық мағынасы неде деген сауал толғандырады.

Мұхаммед Хайдар Дулати бар сенімі мен білімін сарқа жұмсап, өзі дін хақ жолындағы тарихының танымдық-тәрбиелік маңызы уақыт өткен сайын арта беретіні даусыз. Өйткені жастайынан жетім қалып, ұлы Бабыр тәрбиесінде болып, жауынгерлік өмірдің ыстығы мен суығын басынан кешірген ойшыл еңбегінде өмір атты ғаламның тіршілік түйткілдері таразыланып, шынайы мазмұндалады. Әсіресе, жеке басы мен билік мүддесі үшін қайсыбір қатыгездіктен тайынбайтын адамдармен күресе жүріп, өзін-өзі тәрбиеледі. Жас мырзаның келбеті мен көзқарасы XIV-XV ғасырларда мемлекетаралық шиеліністер мен ұлттық дұрдараздың алдыңғы шебінде қалыптасып, көзқарасы туған жердің тағдырымен, табиғаттың шындығында шыңдалды, тарихи оқиғаларда нақтыланды. Әйтсе де, рухани мұратты барлығынан жоғары қоя

білген қайраткер әрбір оқиғаға терең тарихи таным түсінігімен қарап, бағалап, кешіріммен қарай білді: Мұны Дулатидің өз сөзімен келтіре кетсек:

«Олардың қатыгездігінің шегіне жеткені соншалық, егер де менің «Хайдар» (Ержүрек) деген атымның мәнін ұғынатын болса (мен де өмір бар деген) әрине менің қамымды жеп, өздеріне өлім тілеген болар еді. Өлең: Сен жұмаққа бет алсаң, соңына ертіп халықты, кейбіреулер сен үшін дайындайды тамұқты.

Бірақ менің олар хақындағы ойым былай:

Сенің шерің һәм құсаң – уайым-қамым ол менің, қаталдықтың өзімен сүйеу болып келгенің. Көзің түсті – мен үшін соның өзі зор бақыт, «бұл да менің тұтқаным» деп білгейсің бір уақыт (Дулати, 2003: 41).

Жас мырза өзінше ізденуден, үйренуден тайынбайды, келбетті де қайсар тұлғалардың мәртебесін жан-тәнімен қызықтап, үлгі-өнеге тұтты. Тарих толған күрес, өмір де сол. Өмірдегі күресте адамның қабілет-қасиеті сынға түседі, пікір-таластар өрбитінін ескерсек, адам болмысының соған сай қалыптасып, ойшылдық қабілетінің артатыны сөзсіз.

Мырза Мұхаммед Хайдардың түрік өркениетіне қосқан үлесі ерекше зор, Орталық Азияның, кейін Кашмир алқабының сол кездегі шаруашылығын, сауда-саттығын, мәдениетін жетілдіруде ерекше қызмет етті. Оның қаламына мал мен егін шаруашылығы, көшпелілік пен отаршылық, дала мен қала, өнер мәселелері жиі ілігіп, ондағы түрлі әлеуметтік топтар сараланып бағаланды. Әсіресе, ұлы қазақ хандарының болмысы, адамның кісілік қасиеттеріне қатысты терең ойлар айтылады. Сөздің мәнін түсініп, тоқтай білу, қайсыбір мәселені болмасын ақыл көрігіне салып, таразылау, сабырмен шешу т.б. жайттар қозғалады: Мысалы:

«Кімнің қандай дауы бар ақылменен шешсеңіз, Кілтін таппай, тіл таппай, соғысатын кешеңіз!» – деген тоқтамның адам өміріндегі орны ерекше туындады. Осындай аталы сөзге тоқтай білмегендер өзінен де, ортадан да сүйеу таппай, көлеңкедей құбылды. Тек оқшау үстемдік ету саясаты мен күш көрсету тәртібі дағдыға айналды. Қара күшіне сенгендер араздықта өз пайдасын күйттейтіндердің, зұлымдықты жанындай жақсы көретіндердің заманы болды, қоздырды. Олар қастасумен талайға тор салды, жамандық пен өзімшілдікке бұрылды, көз тіккенді жанышқылаудан тайынбады. Бәрі де ел тоздыратын бүліктер, жүйке жұқартатын жіңішке тірліктер.

М.Х. Дулати – өзі текті тұқымнан шыққанына қарамастан, бақталастық, күндестік азабынан қуғынға ұшырап, жақсы адамдардың шарапатынан ғана оған тірі қалу бақыты бұйырған. Бұл туралы өз еңбектерінде әлденеше рет толғанып, талай рет өмір жолындағы жайсаң жандар жақсылығын тәптіштеп айтып отырады. «Хайдар» деген сөздің өзі ержүрек, батыл деген ұғымды білдіреді. Қаншама рет тағдыр қыспағына түссе де, еш мойымай, өз-өзін шыңдап, тарихи-көркемдік ойлаудың биігіне көтеріліп, берері көп, бүгінгіміз үшін өте қажетті шығармалар жазып қалдырған М.Х. Дулати жеке басының емес, ел мүддесін ойлады, ар, абырой дегендерді бәрінен жоғары қоя білді. Қашанда әскербасымын деп кеудесін көтермей, жауынгерлермен бірге болып, жалпы халықтың тұрмысы мен жай-күйіне қанықты. Қарапайым адамдар мен жоғары топ өкілдерінің арасындағы қарым-қатынас жасау мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін зерделеді.

Яғни, Орта Азияда тұратын бірқатар мемлекеттер мен халықтардың екі ғасырға жуық тарихи даму жолын баяндай отырып, сол кезеңдердегі қоғамдық-әлеуметтік ахуалға баға береді, тарихтың негізгі жасаушысы ретіндегі адамның маңызды секірістері мен тарихи іс-әрекеттерін сипаттай отырып, адамдық болмысына, адамгершілік құндылықтар жүйесіне байланысты сүбелі пәлсапалық ойлар қорытындылайды. Осы себепті де, бүгінгі қоғамда Мұхаммед Хайдар Дулати – тарих философиясының негізін қалаушы екендігі дәйектелуде. Биліктің жоқтығы қоғамда әлеуметтік тәртіптің жойылып, ел арасында араздық пен ылаңның күшеюіне, қан төгіске әкеліп соғуы мүмкін екенін жақсы білген М.Х. Дулати «Тарих-и Рашиди» шығармасында мынадай жолдармен нақтылана түседі: «егер бұйрығына бағынуды барлық тұрғындары міндетті деп мойындайтын және оның жарлықтарын орындаудан бас тартпайтын билеуші болмаса, онда кез келген елдің тәртібі мен тіршілігінің сөзсіз шырқы бұзылады»:

Билеусіз жаһан бассыз тәнмен тең,
Бассыз тән жолда жатқан шаңмен тең
(Дулати 2003: 57).

Сонымен, М.Х. Дулати қоғамда мемлекеттік биліктің болуын, ал өз кезеңінде халықтың сол билікті мойындап, оған бағынуын мемлекет тіршілігінің алғы-шарты ретінде қарастырады. М.Х. Дулати өзінің мұндай терең философиялық тұжырымдарын өзінің шығармаларында нақты

тарихи деректермен негіздей отырып, өз ойының дәйектілігін көрсетіп береді.

Биліктің ізгі мақсаты – елдің тыныштығы мен әл-ауқатының артуы, әділеттіліктің орын алып, қоғамның өркендеп гүлденуі. Ол үшін адамдар арасында келісім, бірлік, достық пен ынтымақтастық болуы қажет. М.Х. Дулати өзінің шығармасында тарихи тұлғалар арасындағы келісімге, достық пен бірлікке айрықша мән бере отырып суреттейді. Мәселен, әмір Хұсейін мен ұлы мәртебелі Сайыпқыранның өзара қатынасына тоқтала келіп ол былай деп жазады: «Олар... келісім арқауын уәделерімен және анттарымен бекітті және бұрынғы достық пен адалдықты іс-қимылдарының бірлігімен және келісімімен толықтырды.

М.Х. Дулатидің «Хақ жолындағылар тарихы» немесе «Тарихи Рашиди» еңбегінде туған жер ұғымы өте қымбат мазмұнда жырланады. Туған халқына деген асқақ сезімі, ерекше ынтызарлығы, осы туған жер, халық қамы үшін алаңдап, болашақ жастарымызды батырлыққа, ерлікке баулуды арман еткен мақсат-мұраттары беріліп, ұрпаққа аманаттауы сезіледі. Кітаптың әрбір жолында батырлық ұғымы бой көрсетіп отырады. Жауға қанша қатыгез болсаң да, бауырларың мен туған халқың үшін соншалықты мейірімді болу қажеттігін ұғындырады. Қатал қолбасшы, қырағы әскербасы, жауын аямайтын М.Х. Дулати өз кезегінде айналасындағыларға қамқор, мейірімін аямайтын жан екендігін байқаймыз. Бұл турасында көптеген зерттеуші ғалымдар да айтып өткен.

Жаһандық дамудың бәсекесінде түркілер әлемдік мәдениетті дамытуда орасан үлеске ие екендігі нақты дәлелденді. Жалпыадамзаттық философия секілді қазақ философиясы рухани өмір шындығы мен заңдылықтарына негізделеді. Осы тұрғыда, М.Х. Дулати секілді ұлы ғұлама тұжырымдары тәуелсіз еліміздің руханиятында ерекше мән-маңыз бен қажеттілікке ие. Олардың әрбірін жан-жақты талдап, түйсіндіру – рухани дамуға жаңаша міндеттер белгілеп, жаңаша бағдарларын белгілеуге мүмкіндіктер береді.

Әлемдік тарихқа жүз жүгіртіп карап отырсақ, көптеген халық, ұлт небір замандар ықылымынан жер бетінен мүлде жойылып кеткендігін көреміз. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ұлттық тарихтың жолы тым ауыр, қилы кезеңдерге толы болған. Десек те, «сындарлы кезеңдерде тағдыр талқысына қанша ұшыраса да, әлемдік философияда, мәдениет көшінің қатарынан қалмай, өзіндік бет-бейнесін таныта білген қазақ философиясы, мәдениеті бүгінгі таңда да, өзінің

өміршеңдігін танытып отыр» (Омаров, 2003: 187).

Қазіргі уақытта мәдениеттер сабақтастығы ерекше белең алуда. Дүние жүзінде қанша халық бар болса, сонша мәдениет бар. Ал, жалпыадамзаттық өркениет – осындай дербес мәдениеттердің өзара жиыны, біртұтастығы. Осындай көзқарас тұрғысынан алып қарағанда, жеке ұлттық немесе халықтық мәдениеттер сабақтастығы ретінде бағалау – өте ұғынықты. Өйткені, жаңа ғасырда дербес қасиетке ие мәдени құрылымдардың құндылығы мен тарихтағы тең үлесі айтылып, антогонизм жайымен әлсіреуде. Әрине, соңғы уақыттағы ғылыми-техникалық даму, жоғары технологиялар – ғылым мен білімнің негізгі көрсеткішіне саналып, Батыс пен Шығыс мәдениетінің өзіндік даралық қасиеттерін араластырып жіберді. Бірқатар, дамудың көшбасындағы елдерде даму дүмпіуінің болуына да осы жағдай өз әсерін тигізгені жасырын емес. Осы себепті де, мәдениет пен өркениетке қатысты бүгінгі көзқарастар мен пікірлер өзара тоғысып жатыр. Ең бастысы, әрбір ел, халық өзінің ұлттық болмысын негіздеуге, мәдениетін ұлттық құндылықтар жүйесінде зерделеуге сол арқылы әлемдік өркениеттегі өз орнын нақтылауға ұмтылуда.

Бүгінде тұлғаның қоғамдық болмысы, яғни дамуының да басты көрсеткішіне өркениетпен қатар айқындалу үрдісі саналады. Бұл өте дұрыс бағыт, өйткені, еліміздегі әрбір адам өз дамуында рухани қажеттіліктерін дұрыс таразылап, рухани тыныстауын ұлттық құндылықтар жүйесімен сабақтастықта жүзеге асыруы шарт.

Әрбір ел, жеке мемлекет өз дамуында тек экономикалық-саяси емес, рухани өрлеуі арқылы әлемдік орнын белгілей алады. Жетпіс жылдан астам уақыт бодандық қамытында болған еліміздің рухани дамуға жоғалтқаны көп. Осындай олқылықтардың орнын толтыру сындарлы саясаттың негізіне саналып, көптеген реформалар мен бағдарламалық жұмыстар атқарылды. Дегенмен, мәдениеттер арасындағы сабақтастық барысында Батысқа тым көп еліктеудің салдарынан бірқатар мәселелердің алға тартылып отырғаны да анық. Әсіресе, өскелең ұрпақтың тәрбиесіне ерекше ыждаһаттылықпен қарауды талап етуде. Халқымыздың қанына сіңген жалтақтығы да, өзіміздің ұлттық негізімізден басқа ұлттың мәдениетін тым артық бағалау үрдісі де ұлттық тұғырымыздың өз дәрежесінде бекімей отырғанына әсерін тигізуде. Академик, философия ғылымдарының докторы, Ғ. Есімнің ұйғаруынша «Ұлтшылдықтың

мазмұны өркениеттік ізденістер арқылы айқындалатынын» (Есім, 2000:13) ескерсек, әрбір рухани зерттеуіміз ұлттық өркениеттің даму көкжиегін кеңейтіп, адамзаттың қарым-қатынас жасау мәдениетін арттыруға, саналық дамуына терең әсерін тигізетіні анық.

Қорытынды

Қазіргі уақытта Қазақстан әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына ену үшін жаңа міндеттер белгілеп, саяси-экономикалық, мәдени дамудың тың бағдарларын белгілеуде. Елімізде жүз елуден асатын түрлі ұлттар мен ұлыстар өзара қарым-қатынаста, бейбіт өмір сүруде. Әрине, соңғы уақыттарда ұлттар арасындағы бірқатар қақтығыстардың болғандығы да жасырын емес. Дегенмен, бәрі де мемлекетаралық деңгейде сәтті шешімін тапты. Ендігі кезекте, бұрыннан жүргізіліп келе жатқан дін, ұлттар арасындағы саясатты жалғастырумен қатар, өркениеттік ізденістерді енгізу қажет. Тәуелсіздіктің екінші онжылдығында басқа діндердің ықпалы өте күшті болғаны да жасырын емес. Бүгінде, жастардың діни сенімдері орнығып, жалпы дін мәселесі қатаң қадағалануда. Бұл да өз кезегінде елімізде жүргізілген болашақты бағдарлауда өткеннің ұлағатын ескеру, рухани жаңғырудың нәтижесі. Осы орайда, түркі дүниесінің мәдениет, тіл мен ғылымның жоғары деңгейін айқындайтын жазба ескерткіштер көп. Солардың қатарында М.Х. Дулати шығармашылығының да бүгінгі өркениеттік сананы қалыптастыру мен дамытудағы маңызы ерекше. Әсіресе, ұлттық тарих философиясын ғылыми негіздеп, өзекті мәселелерін шешуде танымдық маңызы ерекше деп білемін. Ойшыл өзінің «Тарихи Рашиди» еңбегінде алдына қойған мақсатын көрсете отырып, хақ жолындағылар тарихын баяндау арқылы, өзі өмір сүрген кезең шежіресін кейінгі ұрпаққа аманаттады. Терең ойшыл, көрнекті қайраткер, жан-жақты біліммен қаруланған М.Х. Дулати еңбектерінде адам тұлғасы мен адамгершілік толысу, мемлекетаралық

ынтымақтастықты сақтау, ұлттар арасындағы келісімнің маңыздылығы, рухани мәдениет пен өркениеттің даму деңгейін таразылау, басқа да соқталы мәселелер талданып, дүниетанымдық ойлары берілген. Олардың әрбірі өміршен қасиетке ие, өйткені, сол кезең шындығын жаза отырып, ойшыл әрбір қоғамдық кезеңнің негізгі субъектісі – адам болмысын сипаттайды, әлеуметтік мәселелерді талдап, бағалайды. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық мәдениетіміздің бай қазынасын саралап, кейінгіге үлгі етуде, ең алдымен өткен күндер шежіресі мен ұлағатын жан-жақты таразылап алудың, философиялық астарларын ашудың қажеттілігі бой көтереді.

Қорыта айтқанда, жаһандану жағдайындағы ұлттық философиямызда ұлттар мен ұлыстардың жеке ерекшеліктері, мәдени ұқсастықтары мен мәдениеттер диалогы өте өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Басқаша айтқанда, тәуелсіз мемлекетіміздің әлемдік тарихтағы орны, мәдениет пен өркениетке қосқан үлесі мен ролін жаңаша, қайта ойластыру қажеттілігі туындауда. Демек, Қазақстан тарихы оның жаңаша тарихы мен жаңа шынайылықтар тұрғысынан қаралуы қажет» (Булекбаев, 2016) болуда. Әлеуметтік философияда тарих та қоғам секілді – әлеуметтік-материалдық әлем. Осыған байланысты тарихи дамуда ұлттық ерекшеліктер сақталып, өз құндылығымен дараланып тұрады. Ұлттық тарихымыздың Геродоты саналатын М.Х. Дулати ғұламаның тарихи еңбегінің маңызын саралауда, ұлттық тарих философиясын зерттеудің басты негіздерін айқындап алған жөн. Яғни, «Хақ жолындағылар тарихы» деп аталатын ұлы еңбегінде ойшыл ұлы хандар, олардың адамдық қасиеттері арқылы тарихи даму барысын сипаттайды. Демек, ұлттық тарихымызды философиялық зерттеуде ең алдымен ұлттық құндылықтар, рухани мұралар, ұлы тұлғалар шығармашылығы негізге алынуы тиіс. Концептуалдық негіз ретінде бүгінгі дамуымызда сүбелі үлеске ие тарихи оқиғалар, тарихи тұлғалар, өткеннің салауатын дәріптеу алынуы тиіс деп ойлаймын.

Әдебиеттер

- Агатай С. (1998), Қазақтың ұлттық мәдениеті. Мәдениет – халықтың мәні. Алматы, с.420.
Аблеев П.В. История мировой истории. – М., 2005.
Ахметова С.О. О тюркском мире // Мысль. – 2017. №3.
Әбдезұлы Қ. (2007), Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Жаһан наме» дастанының тарихи-танымдық және көркемдік құндылығы, ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы, №2, 107-111бб.
Бейсембиев Т.К. О восточных рукописях в индийских собраниях. // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. – 1990. №3. – С. 33-39.

- Булкбаев С.В. Тюркский вклад в мировую культуру и цивилизации: монография. – Алматы: BAVIS систем, 2016. – 316 с.
- Гобозов И.А. Введение в философии истории. – М.: Теис, 1999. – 363 с.
- Дербісалиев Ә. Ислам және заман. – Алматы: Дәуір, 2003 – 560 б.
- Доблофер Е. Знаки и чудеса. – М., 1963. – С. 332-333.
- Дулати М.Х. Тарихи Рашиди. – Алматы: Тұран, 2003. – 614 б.
- Есім Ф. Адам-Зат. – Астана: Фолиант, 2002. – 312 б.
- Ясперс К. Смысл и назначение истории. – М.: Политиздат, 1991. – 527 с.
- Kenny Anthony.(2018), Modern dunyada felsefe. Turkey, 340 s.
- Касымжанов А.Х. Стелы Кошо Цайдама. – Алматы: Printing Systems, 1998. – 113 с.
- Максуду Садри Тюркская история и право. – Казан: Фен, 2002. – С. 10.
- Молдабеков Ж. Мыслитель и гуманист М.Х. Дулати. // Мысль. – 2000. №1. – С.70-74.
- Мусаева Н.Р.(2006), Философия: Оқу құралы. Шымкент: ОҚМУ, 2006. 185б.
- Назарбаев Н.Ә. (2018), Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан, 21 қараша.
- Қасабек А. (2002), Тарихи-философиялық таным. Алматы: ҚазГЗУ, 264 б.
- Ричард Докинз, Самое грандиозное шоу на Земле. Доказательства эволюции. The Greatest Show on Earth: The Evidence for Evolution. / Переводчик Дмитрий Кузмин. – Corpus, 2012. – 528 с.
- Омаров Е. Казахская цивилизация в контексте мирового исторического прогресса. – Алматы: Қайнар университеті, 2003. – 220 с.
- Сейдімбеков А.(1989), Сонар. Алматы: Жалын, 349 б.
- Хвостов В.М. Теория исторического процесса: Очерки по философии и методологии истории. – 5-е изд. – М., 2009.
- Walsh W. H. (2009), Philosophy of history. N. Y., 211p.
- Тулеуова А (2019). Карл Ясперс, <http://www.elarna.net/> .

References

- Aqatai S. (1998), Qazaqtıń ulttıq mentaliteti. Mädeniet – ulttıń bolmysy. [Kazakh national culture. Culture is the essence of the people], Almaty, 420 b.
- Ableyev P.V. (2005), Istoriya mirovoy filosofii. [The history of the world philosophy], M.
- Ahmetova S.(2017), O tyurkskogo mire. [Turk world about], Mysl, 3.
- Abdezuly Q. (2007), Muhammed Haydar Dylatidin “Jahan Name” dastanynın tarıhı- tanymdyq және kórkemdik qundylyǵy, [Historical-cognitive and artistic value of the epic “Jahan name” by Mohammad Haidar Dulati], QazUW HABARSHISI. SHIGISTANY seryası. № 2. B.107- 111.
- Beisembiev T.K. (1990), O vostochnyh rykopisyah v indyskih sobraniyah. [About oriental manuscripts in indian collections], Izvestiya AN Kaz.SSR Seriya obshectvennih nayk, №3. 33-39 bb.
- Bulekbayev S. B. (2016), Tyurkskiy vklad v mirovuyu kul'turu ı tsivilizatsiyu.[Turkic contribution to global civilization], Almaty: BAVIS systems, 316 s.
- Gobozov I.A. (1999), Vvedenie v filosofiyu istorii. [Introduction to the Philosophy of History]. M.,Teis, 363s.
- Derbisaliev Ä. (2003), Islam және zaman. [Islam and Low], Almaty: Däwir, 560 b.
- Dobhofer E.(1963), Znaki ı chýdesa. [Signs and Miracles] M., S. 332-333.
- Dylati M.H.(2003), Tarihi Rashidi. [Rashidi's story], Almaty: Týran, 614 b.
- Esim G. (2002), Adam-Zat.[Human nature], Astana: Foliant, 312 b.
- Iaspers K. (1991), Smysl i naznachenie istorii. [The meaning and purpose of history], M.; Politizdat, 527s.
- Kenny Anthony.(2018), Modern dunyada felsefe. Turkey, 340s.
- Kasymjanov A.H. (1998), Stely Kosho Tsaidama. Almaty: Printing Systems, 113 s.
- Maksýdı Sadri.(2002), Týrkskaia istoria i pravo. [Turkic history and law] Kazan: Fen, S.10.
- Moldabekov J. (2000), Myslitel ı gýmanist M.H. Dylati. [The Thinker and Humanist Dulati], Mycl, № 1. 70-74.
- Mýsaeva N.R. (2006), Filosofia: Oqý quraly. [Philosophy: textbooks] Shymkent: OQMY, 185b.
- Nazarbaev N.A.(2018), Uly dalanyń jeti qyry. [The seven laws of the great steppe], Egegen Qazaqstan, 21 qarasha